

Есеп-қаржы қызметтерін орталықтандыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 мамыр N 238-ө

Штат санын қысқарту және бюджеттік қаражатты үнемдеу, сондай-ақ бұл қаражаттың мақсатты жұмсалуына бақылауды күшейту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен мемкомитетінің мына ведомстволарының есеп-қаржы қызметтерін орталықтандыру туралы ұсынысы қабылдансын:

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы;

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі;

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне осы өкімнің 1-тармағында аталған ведомстволар аппараты қызметкерлерінің шекті санын қысқарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу тапсырылсын.

Премьер-Министр